



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 20 қараша

### 2017 жылғы 10 қарашадан 17 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

17 қарашадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,1%-ға (332,57-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 332,21 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 10 қарашадан 17 қараша аралығындағы маңызды оқиғалар ФРЖ өкілдерінің, Англия Банкінің, ЕОБ-нің монетарлық саясатты іске асыруға қатысты мәлім етулері, Еуро аймақтың экономикалық өсуін растайтын экономикалық индикаторлардың жария етілуі, Д.Трамп ұсынған салық реформасының тетіктері бойынша деректердің жария етілуі және сенаттың бекіту мерзімін бұрмалауы болды. Аталған факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біраз әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:


- **Түрік лирасы** валюта бағамын тұрақтандыру үшін іс-әрекетсіздікке байланысты Президент Р.Эрдоганның Түркияның Орталық банкіне қысымы аясында аясында 0,3%-ға (3,86-дан 3,88-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** айтарлықтай өзгерген жоқ (13 529-дан 13 528-ге);
- **Ресей рублі** 0,2%-ға (59,21-ден 59,08-ге) нығайды;
- **Үндістан рупиясы** 0,2%-ға (65,17-ден 65,02-ге) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,8%-ға (3,28-ден 3,26-ға) нығайды;
- **Мексика песосы** 1,0%-ге (19,10-нан 18,92-ға) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** 2,7%-ге (14,38-ден 14,00-ге) нығайды.

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

## Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, % (2017 жылғы 10-17қараша)



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)